

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Мұхамеджан Тынышбаевтың отарбадай ағыш өткен ғұмыры

Қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, Қоқан автономиясының тұңғыш Премьер-министрі, зерттеуші-тарихшы Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі бейнеленген. Оның темір жол құрылысы мен пайдаланылуы саласындағы ірі маман ретіндегі Түркісіб құрылысына, Қазақстанның алғашқы астаналарын техникалық жағынан абаттандыруға, республиканың ірі қалаларының қалыпты қызмет атқаруы үшін өмірлік маңызды байланыс тараптарын жүргізуге қосқан үлесі суреттелген. Оның тарих, этнография, әдебиет ғалымдарының, қазақ халқы мәдениетінің өзекті мәселелерді түбегейлі зерттелген шығармаларына көңіл бөлінген.

Кілтті сөздер: темір жол, инженер, саясаткер, Алашорда, үкімет, тарих, шежіре, ғалым, тұлға, қоғам, зиялы қауым.

Кіріспе

Қазақ даласына патша үкіметі тарапынан жүргізілген отарлау саясаты ХХ ғасыр басында өзінің ашқарақ, тағылық шегіне жетті. Біртіндеп, білтелеп жүргізілгені — жерді кесіп алу, елді бөлшектеу, ел мен жердің байлығын тонау саясаты ендігі кезекте қазақ халқын шоқындыру, орыстандыру сияқты зобалаң саясатпен астасты. Осылайша экономикалық және рухани отарлауға душар болған қазақ халқының шаруасы тұралап, рухани дүниесі тозғындай берді. Алмағайып осы бір сын кезекте туған халқы мен туған жерінің тағдырына араша түсіп, оның болашағы үшін қам-қарекет жасап, жол іздегендер халықтың өз ортасынан шыққан көкірек, көзі ашық, оқыған зиялы қауым өкілдері еді. Осы шок жұлдыздай озық ойлы ұрпақтың маңдай тобында жан-жақты білімпаз ғалым, қазақ жастары арасынан тұңғыш техникалық жоғарғы білім алған теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаев та болды.

М.Тынышбаев жөнінде қысқаша өмірбаяндық мәліметтер

Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым Мұхамеджан Тынышбайұлы 1879 жылы 12 мамырда Жетісу (қазіргі Алматы) облысы, Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысының Ешкіөлмес тауының маңайында (қазіргі Қабанбай ауданы) дүниеге келген.

Мұхамеджанның әкесі — Тынышбай кісілікті, ел-жұртына беделді отағасы екен. Көнекөз қарттардың айтуынша, Патша үкіметі зорлықпен шұрайлы жерлерді казак-орыстарға тартып алып бере бастағанда, намысқа шыдамай, соның соңынан дау айтып, ояз бастықтарының есігін тоздырып, қуынғандардың алдыңғы легінде Тынышбай да жүрген-ді. Анасы — Шаһизадабану (Шәпен) келбетті, ақжарқын жан болған. Тынышбай мен Шаһизадабанудан екі ұл, үш қыз туған, олар: Ахмеджан (Айнолда), Мұхамеджан, Салмақты, Қадиша, Қампаш. Мұхаң әулетінің атақонысы — Ешкіөлмес, жайлауы — Суық, қыстауы — Сарқарын (Лепсінің батыс жақ жағасы), Басқан. Заманның құйындай соққан зауалы мен зұлматында бүгежектеп, бұқпантайлауды білмеген, бар ғұмырын халқының болашағы үшін арнаған, сол жолда өмірдің бұралаң-бұлтарысына табаны таймай, алдына қойған мұрат-мақсатынан әсте танбаған, адал жүрек, нар тұлғаның балалық жас дәурені — осындай шөбі шүйгін, суы шәрбат, әсем табиғаттың аясында өтті.

Бірде Тынышбай үйіне қыдырып келген Лепсідегі медіреседе дәріс беретін Хамитмағзұм молдаға бес жасар Мұхамеджан көргеннен ұнап қалады. Бұл сырын ол отағасына бүкпесіз білдіріп, ұлын медресеге жіберуін қолқалап, көндіреді. Қабілетті бала, сөйтіп, жылға жетпей арабша хат танып шығады [1; 4].

Мұхамеджан 1889–1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. 1900–1906 жылдары Санкт-Петербургтегі I Александр атындағы жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып, бітіреді.

Патша үкіметті 1905–1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясын (төңкерісін) басып-жаншып, өзіне ұнамаған I Мемлекеттік думаны таратты да, II Думаға сайлау жүргізуді тағайындады.

Жаңа сайлау заңы депутаттардың көпшілігінің помещиктер мен капиталистерден болуын қамтамасыз етуді көздеді. Сайлаушылардың жартысынан астамы дауыс беру құқығынан айырылды. 1907 жылы 3 маусымда үкімет ІІ Думаны да таратып жіберді, социал-демократтардан сайланған депутаттар қамауға алынды, Сібірге айдалды. Мұндай озбырлық еңбекшілер қалың бұқарасының зығырданын қайнатты [2].

Тегеуріні жойқын соқыр саясаттан бой тасалап, Мұхамеджан алған мамандығы бойынша Орта Азия теміржол құрылысында өзінің еңбек жолын бастайды. Ол теміржол құрылысына айрықша өкілетті нұсқаушы-инженер болып тағайындалып, Әмудария өзені арқылы өтетін көпірді салуға қатысады. 1911 жылы Урсатьевск-Әндіжан теміржол құрылысының бастығы әрі бас инженері болады.

М.Тынышбаев 1914 жылы Түркістан Әулие-Ата теміржол құрылысына бас инженер болып ауысады. Осы жылы 96 түгін Тасболат ұрпағы Суық жайлауында Қаракерей, Матай, Садыр елін жиып, демалысқа келген Мұханның жаңа қызметі құрметіне Шыңбұлақ түбінде Жалғасбайдың қонысында қырық жер ошақ қазып, үлкен той жасайды. Той өткеннен соң Тәуімбет руынан Жалғасбайды би сайлап, Тынышбай сайына әр түгін бір-бір ағаш тал отырғызады.

Түркістан өлкесінде отарба жолының салынуымен ұлттық жұмысшы мамандарының өсуіне мүмкіндік туды. Бұл салада мұсылманнан шыққан тұңғыш теміржолшы Мұханның сіңірген еңбегі, қосқан үлесі орасан зор. Ол қазақ пен қырғыз шаруаларына, өзбек, түрікмен, тәжік диқандарын бұрын-соңды жат болып көрінетін тың жұмысқа тартып, ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде теміржол құрылысының қыр-сырын игерген, сан түрлі маман иелерін баулып, тәрбиелеп шығарды. Олар үшін киім-кешек, тамақ жағынан жәрдемдесіп, дүкен, наубайхана, асхана, үй-жай салынып, әлеуметтік тұрмысына көп көмек берді. Тілегі бір қандас ағайындарының арасында «Қазақ инженері» атанған ол қашанда ел-жұрты үшін қолынан келген жақсылығын аямайды [1; 4].

Мұхамеджан 1916 жылғы 25 маусым Жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын болжап, көтерілісшілерді сабырлыққа шақырды. Патша үкіметінің жергілікті билік орындарының көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздарды жазалауда жасаған озбырлығын әшкерелеуде белсенділік танытты. Ресейдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік құрылысына түбегейлі өзгерістер жасаған төңкерістер толқынынан империяның отар-шет аймақтары да тысқары қалмады. Төңкеріс уағында өлкенің жағдайын жетік білетін, жұрт алдында беделі зор, білімді Тынышбаев Жетісу облыстық Уақытша үкіметі комиссарының орынбасары болып тағайындалды. Мұнда істеген қысқа мерзімде ол 1916 жылғы және одан кейінгі дүрбелеңдер әсерінен зардап шеккен ел шаруашылығы мен халық ынтымағын қалпына келтіруге аянбай күш-жігер жұмсады. Алаш қозғалысына белсене араласты.

Азамат соғысы жылдары ол халықты еріксіз лаңға ұшыратудан және Алаш сарбаздарын бос қантөгістен аман сақтау жолында көп еңбек етеді. Осы бағытта кейін Кеңес үкіметімен келіссөз де жүргізеді. Жетісу аймағындағы қазақтарды ашаршылықтан, әр түрлі апаттардан құтқару үшін көмек те ұйымдастырады.

1918 жылдары Алашорда үкіметінің басшыларымен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әр түрлі үкіметтермен (Уақытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады. Мақсаты: Алашорда, қазақ елдігінің тағдыр-талайы туралы.

Кеңес кезеңінде әр түрлі деңгейдегі шаруашылық қызметтерде болады. 1925–1926 жылдары жаңа астана — Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсыныстар жасайды.

Ол әр түрлі қызмет атқарды. Бұл жылдардағы еткен еңбегінің екі басты бағытына баса көңіл аударуымыз қажет: біріншісі, қазақ халқының шынайы тарихына қосқан сүбелі үлесі; екіншісі, Түркісіб құрылысына сіңірген еңбегі [3].

Осы жігерлі еңбектеріне қарамастан сталиндік жеке билеп-төстеу саясатының нақақ құрбаны болған есіл азамат екі рет: әуелі 1932 жылы Воронежге айдалып, кейін 1937 жылы қайта тұтқындалып, қазаға ұшырады.

Жас Мұхамеджанның оқуға деген дарын-қабілеті

Жергілікті Патша әкімшілігі қазақ еліндегі басқару жүйесінде кейбір қызметтерін жеңілдету, тез жүзеге асыру мақсаттарын көздей отырып, бірлі-жарым қазақ жастарын орысша мектептерде оқытып, әр түрлі кеңсе жұмыстарына тиімді пайдаланып отырды. Осы орайда Лепсі уезі бастығының таңдауына ілігіп, он жасар Мұхамеджан 1889 жылы Верный (Алматы) қаласындағы ер балалар

оқитын гимназияның екі жылдық даярлық класына оқуға берілді. Жас Мұхамеджан гимназияға түскен күннен бастап бар ықылас-ынтасын, күш-жігерін білім алуға жұмсады. Он жыл бойы өз құрбыларының алды болып, кластан класқа бірінші дәрежелі мақтау грамотасымен көшіп, аталған гимназияны 1900 жылы алтын медальмен бітіріп шықты.

Мұхамеджанның оқуға деген дарын-қабілетіне риза болған гимназия оқытушылар кеңесі оған берген мінездемесінде: «Ол алғашқы сәттен-ақ математика, ежелгі және жаңа тілдерді, орыс әдебиетін тамаша игерді. Тынышбаевта басқа бұратаналарда кездесе бермейтін бір қасиет — барлық пәннен жоғары балл жинауға деген құштарлық.

Тынышбаев өзінің болашақ білімін көтеру үшін Санкт-Петербургтағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтына барғысы келетінін білдірді» [4; 164], — деп жазды.

Гимназист Мұхамеджан тек үздік оқумен ғана шектелмей, қаланың мәдени өміріне етене жақын болды. Ол қалада болып тұратын әр түрлі кештер мен салтанаттарға үзбей қатысып тұрды. Бұрынғы Алматы тұрғындары 1899 жылы мамырдың 27 күні А.С.Пушкиннің 100-ге келген мерейтойын салтанатты түрде тойлап жатты. Осы салтанатқа гимназия шәкірттері дайындаған әдеби-музыкалық таңертеңгілікте Тынышбаев ұлы ақынның «Полтава» поэмасы бойынша «Ұлы Петр мен Мазепаның адамгершілік сипаттары» деген тақырыпта реферат оқыды. Гимназист қазақ баласының сахнада өзін ұстауы, орысша таза, әрі нақышына келтіре, ойлы сөйлеуі, құлаққа жағымды әдемі, сазды дауысы, тәрбиелі жүріс-тұрысы көрерменді баурап алды.

Гимназияны үздік бітірген Мұхамеджанға Жетісу облыстық әскери губернатор кеңсесінен қызмет ұсынылды. Бірақ әрі қарай білім алуды армандаған ол бұл қызметтен бас тартып, Империя астанасындағы Александр I атындағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтында оқуға ниет білдірді.

Петербург кезеңінің Мұхамеджанның дүниетанымын түбегейлі өзгертуі

Қысқа жіп күрмеуге келген бе? Әкенің шағын дәулеті ұлының ұзақ оқуына мүмкіндік берер емес, төлеулі оқу біраз қаражат керек ететін еді. Осылайша қаражат тапшылығы жол кесіп, қолбайлау болып қиналып тұрған шақта Мұхамеджанға қол ұшын берген гимназия директоры Вахрушев болды. Он жыл бойы үздік оқып, гимназия мақтанышы болған шәкіртінің хал-жайын адамгершілікпен сезіне білген ұстаз дереу Жетісу облысының әскери губернаторына: «...Қай жағынан алсақ та, Тынышбаев тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі. Сондықтан да жоғары мәртебелім, Сізден өтінерім, қолыңыздағы қаражаттан Тынышбаевқа стипендия бөлсеңіз. Мұндай қаражатсыз оның жоғары оқу орнында білім алуға еш мүмкіндігі жоқ» [5; 614], — деп өтініш түсірді.

Парасатты ұстазының көмегімен облыстық земская стипендияға қолы жеткен талапты жас Петерборға келіп, қиын да ауыр конкурс емтихандарын кілең бестік бағаға тапсырып, өзі армандаған Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтына 1900 жылы 21 жасында студент болып қабылданды.

Институт программасындағы сабақтарды өз құрбыларының алды болып, үздік оқыған Мұхамеджан, астананың мәдени тірлігіне жақын жүрді. Рухани дүниесін байыта түсті. Астанада жиі болып тұратын әр түрлі мәдени-әдеби кештерге, салтанат-жиындарға, саяси жиналыстарға қатысып, күннен күнге білімін толықтырып, шын мәніндегі зиялы азамат болып қалыптаса бастады. Әсіресе институттың соңғы курстарында оқып жүрген кезінде ол қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді кірісіп, туған халқының ауыр тұрмысы, мүшкіл халі туралы астана мінбелерінен мазмұнды баяндамалар жасады. Орыс баспасөзінде қандас бауырлары хақында проблемалы мақалалар жариялады. Патша үкіметінің жоғарғы басқару органдары мен әкімшілік басшыларына талап-тілек қойып, арыздар да жазды.

М.Тынышбайұлының 1905 жылдан бастап қоғамдық-саяси істерге қызу араласуы

М.Тынышбаев 1905–1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа бастайды. Ол Автономшылар одағының I съезінде 1905 жылғы 19 қарашада оқылған «Қазақтар және азаттық қозғалысы» деген баяндамасында Патша тарапынан жүргізіліп отырған отарлау саясатының тонаушылық сипатын ашып, соның салдарынан қазақ халқының тозғындап бара жатқанын ашына айтады: «Үкіметтің нені көздеп отырғаны түсінікті: біріншіден, жабайы және тағылық қуғын-сүргіндер және тілді, әдет-ғұрыпты, барлық өзіндік ерекшелікті қыспаққа алу арқылы қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, түрлі әкімшілік шаралар, пәрмендер мен ережелер күшімен қазақтарды құқықсыз, қауқарсыз, заңсыз тобырға

айналдыру; үшіншіден, оларды қаны төгіліп, сүйегі шашылған ежелгі өз атақоныс жерлерінен айыру, және құла дүз, қу далаға ажал аранына айдау. Қандай қанқұйлы зымиян мақсат?! Орыс бодандығын қантөгіссіз бейбіт қабылдағаны үшін, бұрынғы тәуелсіздігі мен бостандығының қарымына қазақтардың алған «сыйы», міне, осы!

1904 жылғы 12 желтоқсандағы Жарлық, Ішкі істер министрінің 19 ақпандағы Рескрипті және 17 сәуірдегі Жарлығы бойынша ата-бабалар дініне қайтадан кіруге толық бостандық беруге, діни сенімі үшін Сібірге айдалғандарды қайтаруға, жабылған мешіттер мен ғибадатханаларды ашуға, тағы басқа уәде етілді. Бірақ молдалар айдаудан қайтқан жоқ, мешіттер мен медреселер жабық тұр. Өз Патшаларының жарлығына мойынсұнбайтынын өкімет қасақана керсеткісі келгендей, дәл осы уақытта күшпен қолға түсірілген қазақ балалары православиені қабылдады деп жариялады... Барлық губернаторлардың бірауызды талабы бойынша Булыгин қазақтарды сайлау хұқынан айыруға тырысты; содан кейін сахарадағы қатты толқудың арқасында ғана үкімет қазақтармен санасуға мәжбүр болды, онда да әлдебір ерекше ережелер бүйірден қосақталды. Жеке адамдар мен ұлттардың теңдігі қайда қалды бұл жерде?

11 қарашада Семей және Павлодар уездері қазақтары мен татарлары өкілдерінің зорлық-зомбылыққа үзілді-кесілді қарсылығы мен үкімет уәделеріне сенімсіздігі білдірілген ұшқырхаты жарияланды. Түрлі қоқан-лоққыға қарамастан, Ақмола облысының қазақтары да табанды қимыл жасады... Семей облысындағы қозғалыс Жетісуға дейін жетті, мұнда Лепсі уезінің қазақтары 1000 адам қол қойған петиция жолдап, үкіметтің бүкіл екіжүзді саясатына қатты қарсылық білдіріп, өз талаптарын алға тартты... Бұл талаптар негізінен мыналарға саяды: халықтың өзін-өзі билеуі, ерекше заңдарды және әкімшілік пәрмендерді, генерал-губернаторлықты жою; крестьян бастықтары мен урядниктер институтын аластау; әскери басқаруды азаматтық басқарумен ауыстыру; сөз бен ар-ұжданның азаматтық бостандығы, Мемлекеттік думадағы өкілдіктің тепе-теңдігі; қазақтарға тиесілі және олардың пайдалануындағы жерлерді қазақтардың қауымдық меншігі деп тану т.б.

...Орыс бодандығындағы қазақтардың бастан кешкен және кешіріп отырған үздіксіз езгінің қысқаша тарихы осы...» [6].

Сол 1905 жылы Патша үкіметінің министрлер комитетіне жазған арызында Мұхамеджан Тынышбаев Патша үкіметінің қазақтарды билеу ережелерінің өмір талабына сай еместігін, қазақ халқының мүддесіне қайшы ережелер екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, елді әскери басқару жүйесінен азаматтық басқару жүйесіне көшіруді талап етті. Қазақ халқының ар-ұждан бостандығы, дін бостандығы, тең құқылығын күн тәртібіндегі басты мәселе деп түсіндірді. Ескірген ереже, таланған жер, күйзелген ел туралы министрлер комитетінің ойланар уақыты жеткендігін ескертті.

Студент қазақ жігітінің батыл ой-пікірі, туған халқына деген ұлттық, патриоттық таза сезімі ізгі ниетті зиялы қауымды сүйсіндірсе де, отарлау саясатын іске асырып отырған Патша әкімшілігін сескендірді. Еркін ойлы, өр мінез дала перзентін Патша жандармериясының тыңшылары жасырын бақылауға алып, басқан ізіне аңду қойды.

Патша жандармериясының сақтығы сонша, Мұхамеджан алыстағы елінде демалыста болған кездерінде де тыңшылардың көзінен таса қалмады. Лепсі уезіндегі тыңшылардың оның елге азаттық пиғылдағы әдебиеттер мен баспасөздерді көптеп әкелетінін, орысша сауатты қазақтарға тарататындығын жоғарғы орындарға дер кезінде хабарлап отырғандығы тегін болмаса керек.

1906 жылы аталған институтты ойдағыдай бітіріп, елге оралған Мұхамеджан өлкедегі болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік істерге батыл араласады. Ресей ІІ Мемлекеттік думасына Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Қазақ депутаттарының Дума трибунасынан Столыпіннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіледі. Әсіресе Бақытжан Қаратаевтың жасаған баяндамасы үлкен шу тудырады: «Дәл қазіргі Ресейдегі жер мәселесі ушығып тұрған жағдайда егіншілік және жерге қоныстандыру мекемесі тек шаруаларды қоныстандырып, Далалық облыстарға шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақтарды топ-тобымен тұрған жерлерінен, үйлерінен қуып шығаруда, тіпті олардың көпшілік жағдайда ауыл, село болып отырықшылыққа үйреніп, егін салып отырған жерлерін тартып алып, қазақ халқының отырықшылыққа үйренген құнарлы жерлерінен ығыстырып тастады. Бұны мен ресми құжаттармен дәлелдей аламын. Әлі күнге дейін көпшіліктеріңізде қазақтар тек көшіп-қонып жүреді деген ұғым қалыптасқан. Жоқ, мырзалар, олай емес, көшіп жүретін қазақтар да, отырықшы қазақтар да бар. Ол Далалық облыстардың солтүстік уездеріндегі құнарлы жерлердегі қазақтар ондаған жылдар бойы отырықшылыққа үйреніп, егін егумен айналысады. Олардың бірі ағаштан үй салса, екіншісі саман кірпіштен салған, үшіншісі күйген кірпіштен, төртіншісі қарағайдан үй салған; бір сөзбен айтқанда, өз тұрмыс деңгейіне қарай әрбірінің тұрғын және шаруашылық үйлері

бар. Егін егу — бұл отырықшы қазақтар тұрмысының негізгі көзі. Ал, мал бағумен айналысу егіншілікке қарағанда еңбекті аз талап етеді, ол қосымша шаруашылық түрі болып табылады. Сондықтан қазақтар отырықшылыққа үйренген соң, ондаған жылдар бұрын ең жақсы жерлерге орналасқан болатын: тұщы сулы көлдер мен суы тұщы өзендердің жағаларына қоныстанды. Жер мекемесі немесе жер бөлуші және жерге орналастырушы басқарма өкілдері шаруаларды Далалық облыстарға қоныстандырып, қазақтарды өздерінің жайлы орындарынан ығыстырып қуып шығумен айналысуда.

Мырзалар, мен шаруаларды Далалық облыстарға көшірудің сипаты туралы өз баяндамамды аяқтауға мүмкіншілігім жоқ, бірақ мен мынаны айтамын: Мемлекеттік дума әрқашан да есінде ұстасын, қазақтарды ығыстырып, олардың орнына Ресейдің ішкі жағындағы помещиктердің, 130 мың помещиктің мүддесі үшін шаруаларды қоныс аударуда. Қазақтар шаруалардың жерге деген сұранысын жеке меншіктегі жерлерді жою арқылы шешкісі келген оппозициялық фракцияларға әрдайым қолдау білдіретінін Дума түсінсін. Сіздер мынаны түсініңіздер, дәл қазіргі жағдайда қазақтарды жерінен қуып отырған жоқ, оларды тұрып жатқан үйлерінен қуып шығып, олардың орнын шаруаларға босатып беріп, помещиктерді қорғап қалуда.

Орыс халқының еңбекші бұқарасы мен орыс интеллигенциясы бейшара қазақтардың жерлерін тартып алып қана қоймай, олардың тұрғын үйлерін, шаруашылық құрылыстарын тастап кетуге мәжбүр етуін тоқтатуға үн қосады деп сенемін. Осының барлығын дәлелдейтін менде көптеген статистикалық мәліметтер бар, бірақ, өкінішке орай, оны аяқтауға мүмкіндік жоқ [7].

1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін Мұхамеджан өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша біраз жыл қызмет етті. Инженерлік қызметін істей жүріп, ол ел өмірін жіті зерттеді. Өзінің байқаған, ой қорытқан кейбір мәселелері жөнінде әр түрлі тақырыпты қамтып, баспасөз бетінде мақалалар жариялап тұрды. Оның 1915 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақ инженері» атты бүркеншік атпен жарық көрген «Соғысушы патшалар әскері», «Сүңгуір қайық», «Соғысушы патшалар қару-жарақтары» атты мақалалары қазақ оқырмандарына Бірінші дүниежүзілік соғыстың мән-жайын кеңінен түсіндірсе, «Барлыбек Сырттанов», «Сәдуақас Шалымбеков» секілді мақалалары халқымыздың аяулы ұлдары туралы деректік мәні жоғары еңбектер болып табылады [4; 164–165].

Әсіресе Мұхамеджанның 1916 жылғы көтеріліс туралы Түркістан генерал-губернаторына берген түсініктеме нұсқасында оны кеңінен толғап, отаршылдық зорлық-зомбылық қимыл-әрекеттеріне қысқаша шолу жасауы — тобықтай түйіндеп айтылған зор ғылыми еңбек.

М.Тынышбаев — Алаш автономиясының бастау кезінде тұрған қайраткерлердің бірі

Мұхамеджан Тынышбаев Ә.Бөкейхановтың төңірегінде топтасқан қазақтың ұлттық-демократиялық көзқарастағы интеллигенциясы серкелерінің бірі ретінде 1907 жылдан 1917 жылдың жазына дейін қазақтың тұңғыш Алаш аталған партиясын құруға белсене араласты. Бірінші Жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесінде Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің билікті өз қолына алу жолындағы әрекетіне қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының Төртінші съезіне қатысып, онда құрылған Түркістан («Қоқан») автономиясының Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып сайланды. Көп ұзамай ол бұл қызметтерінен бас тартты. Оның орнына Мұстафа Шоқай тағайындалды [5; 614].

Алаш партиясының ұйымдастыруымен 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда өткен Екінші Жалпықазақ съезінде ол ерекше белсенділік көрсетіп, сол съезде жарияланған Алаш автономиясының (Қазақ мемлекеттігінің) бастау кезінде тұрған қайраткерлердің бірі болды. Ол съезде сайланған Алашорда үкіметінің қатарына енді.

1919 жылдың соңы–1920 жылдың басына дейін М.Тынышбаев Кеңес үкіметінің озбырлық, зорлау саясаты мен іс-әрекеттеріне қарсы күреске қатысты: Жетісу облысында Алаш автономиясының қарулы күштері ретінде анықталған және «халықтық милиция» аталған жасақтарды қалыптастыруға, оларды мініс аттарымен, қару-жарақпен, киім-кешектермен қамтамасыз ету істерімен айналысты. Басқа алашшыл қайраткерлермен бірлесе отырып, Алашорда үкіметінің жетісулық бөлімшесін басқарды.

1919 жылдың көктемінде Қазақстандағы азамат соғысы майданындағы күштердің арасалмағы «қызылдардың» (Кеңес үкіметінің) пайдасына қарай ауыса бастады. Осындай жағдай ең алдымен өлкенің солтүстік өңірінде орын алды. Осындай хал-ахуал барысында Алашорданың Ахмет Байтұрсынов бастаған торғайлық тобы амалсыздан Кеңес үкіметін мойындап, В.И.Ленин басқарған

Ресей Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі — Халық комиссарлар кеңесімен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің басшысы, егер Алашорда жаңа билікті (пролетариат диктатурасы аталған жаңа саяси билікті) мойындайтын болса, Алашорда қозғалысына қатынасқандарға кешірім жасалады деп мәлімдеді.

Бұл кезде Жетісу майданындағы күштердің арасалмағы да шешуші түрде Кеңестік күштердің жағына ауысқан еді. Осындай жағдайда шетелдік эмиграцияға кетуден бас тартқан М.Тынышбаев 1919 жылдың соңына қарай өзінің жетісулық пікірлестері мен серіктестері Садық Аманжолов, Жұмахан Күдерин, Базарбай Мәметов, Мырзахан Төлебаев, Алдаберген Үмбетов, Біләл Сүлеев, тағы басқалармен бірге Ахмет Байтұрсынов басқарған Алашорданың торғайлық тобы сияқты Кеңес үкіметін амалсыздан мойындады [8].

1920 жылдан бастап М.Тынышбайұлы Кеңес үкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Шымкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етті.

М.Тынышбайұлының жаңа заманға шын пейілімен қызмет етуі

Алашорда таратылып, Кеңес үкіметі тарапынан кешірім жасалғаннан кейін М.Тынышбаев өз халқына жаңа заманға адал ниет, шын пейілімен қызмет етті. Ол әуелі 1921–1922 жылдары Түркістан өлкелік жер-су министрлігінде су шаруашылығының бастығы болып істеді, ал 1923 жылы Шымкент қалалық су шаруашылығын басқарды, Түркістан каналының жобасын жасауға қатысты. 1925 жылы Қызылорда қаласының көркейту жүйесінің бастығы қызметін атқарды.

Мұхамеджан Тынышбаевтың есімін шартарапқа кеңінен әйгілеп, атын аңызға айналдырған, халық жадына ұялатқан әйгілі Түркістан-Сібір теміржолын салуға қосқан сүбелі үлесі, сіңірген ерен еңбегі еді. Мұхамеджан білікті инженер, ойлы экономист, іскер ұйымдастырушы, дарынды жобалаушы ретінде әр қырынан жарқырай көрінді.

Мұхаң 1926–1930 жылдары Түркістан-Сібір темір жолы құрылысында жобалаушы-инженер, учаске бастығы қызметін атқарды. Өйткені жаңа экономикалық саясаттың екпінімен 1926 жылдың желтоқсанында КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Түрксіб темір жолын салу туралы Қаулы қабылдады. Оған «ұлы қоныстандыру идеясының кеңестік авторы» Алексей Иванович Рыков қол қойды. Үкімет тарапынан құрылған арнайы комитеттің төрағалығына РСФСР Халық комиссариаты кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов бекітілді. Ол дереу өзінің «өмірлік қамқоршысы» әрі «саяси дұшпаны» (өз сөзі) М.Тынышбаевты «жергілікті жағдай мен жер бедерінің білгірі, тәжірибелі инженер» ретінде қызметке шақырды. Шындығында да Орта Азия мен Қазақ даласының жер бедерін ондай білетін маман Ресейде жоқ еді. Өлкетанушы, жылы жүректі «тынышбаевшыл» Ф.Осадчийдің ғылыми айналымға түсірген хаттамасына жүгінсек, М.Тынышбаев Түрксіб құрылысында алғаш рет аэрофотосуреттерді қолданған. Соған сүйене отырып, ұзындығы 50–60 метрлік бірнеше жер асты жолдарын салуды, сондай-ақ бір составқа «біреуі алдынан тартып, екеуі — артынан итеріп жүруі» үшін үш паровоз тіркеуді қажет ететін Қордай асуының орнына Шоқпар жобасын ұсынады. Алматы – Қордай – Бішкек; Алматы – Шоқпар – Құланды – Бішкек жобасы талқыға түскенде М.Тынышбаев Шоқпар нұсқасын қолдап, «тескен таулардың» есебінен 26 миллион сом үнемдеуге әрі Қазақстанның 6 облысын өзара байланыстыруға ықпал етті. Оның бұл жобасы кейін «Березин жобасы» атанып кетті [9].

Бір қызығы, бұл жобаға қарсы шыққандар да болды. Олардың: «Сендер бес жылда да бітіре алмайсыңдар», — деген сәуегейлігіне қарамастан, 1930 жылы 28 сәуір күні жобаланған мерзімінен 540 күн бұрын ұлы жолдың соңғы шпалы төселді. 1931 жылы 1 қаңтар күні ресми түрде пайдаланылуға берілді [10].

Өкінішке орай, үш күнге созылған бұл салтанатқа жалпы сомасы 26 миллион сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік берген, соның нәтижесінде мерзімнен бір жыл бұрын пайдалануға берілген жобаның авторы Мұхамеджан Тынышбаев қатыса алмады. Оның қатысуға құқығы да жоқ болатын. Өйткені Мұхаңды «Түрксіб» теміржолының тағаны төселіп біткенше «қалпақ астында» ұстады да, тура салтанатты ашылу рәсімінің қарсаңында қақпайлап шетке шығарды. «Алашорданың», Уақытша үкіметтің қайраткері, Қоқан Республикасының Премьер-министрі, Кеңес үкіметіне теміржол салуға белсенді түрде қатысты дегізу — асқан «саяси сауатсыздық әрі арандатушылық, Кеңес үкіметінің беделін түсіретін идеологиялық қастандық әрекет» болып саналды [11].

Сөйтіп, «Алашорда» көсемінің Кеңестік құрылыстың авторы атануының өзі «саяси қылмысқа» жатқызылды. Кезінде жоғарыдағы жоба «халық жауының қастандық әрекеті» ретінде бағаланды. Ал,

мұндай «қастандық әрекеті» үшін М.Тынышбаевтың тергеуге тартылмауы мүмкін емес еді. Сондықтан да 1930 жылы ол түрмеге қамалды.

Мұхамеджанның қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартуы

Халыққа азаттық әпермек болған істерінен нәтиже шықпай, кеше өзі қарсы болған «қызылдарға» қызмет етуге мәжбүр болған Мұхамеджан бар күшін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсап, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. Қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартып, бүгінгі күндері де маңызын жоймаған зерттеу еңбектерін жариялайды. Қазақ шежіресін түзейді [12].

Ташкент қаласында қазақ педагогикалық институты ашылуына орай, 1924 жылы оқытушылық қызметке арнайы шақырылған Мұхамеджан математика пәндерінен дәріс оқыды, ғылыми әдістемелік оқулықтар дайындады. Педагогтік қызметін ғылыми жұмыстармен ұштастыра отырып, Қазақстанда зерттеу қоғамының жұмысын жандандыруға сүбелі үлес қосты. Әсіресе ғалымның Чулошниковтың қазақ халқының тарихы туралы жазған еңбегіне алғашқылардың бірі болып сын айтып, орнықты, дәлелді пікір ұсынып, рецензия жазуы ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды. Атақты шығыс зерттеушісі В.В.Бартольдт қазақ инженерінің ерекше талантына таң қалды. Оған қазақ халқының тарихын кең көлемде зерттеуге бағалы кеңестер берді. Осыдан кейін М.Тынышбаев қазақ тарихына қатысты мол деректер жинап, қазақ шежірелерін ғылыми жүйеге түсіруге талпыныстар жасады.

М.Тынышбайұлының «Материалы к истории киргиз-казакского народа» [13]; «Киргиз-казаки в XVII и XVIII веках» (Дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа») [14]; «Ақтабан-Шубырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков») [15] секілді шежіре ғылыми еңбектері, ондаған мақалалары осындай талпыныстан туған еді. Ол бұл еңбектері арқылы Шәкәрім қажы Құдайбердиевтің шежірешіл үлгісін жаңа сатыға көтерді.

Қазақстанды зерттеу қоғамының құрметті мүшесі болып сайланған Мұхамеджан Сырдария бөлімшесінің мәжілістерінде тарих, археология, этнография салаларында мазмұнды дәрістер оқыды.

Ғалымның «Абылай», «Жошы ұлысы», «Түріктің ескі тарихы» (XIII ғасырға дейін), «Шыңғыс» хан һәм оның патшалығы» атты дәрістері кезінде жоғары бағаланған еңбектер. Өкінішке орай, бұлардың түп-нұсқасының тағдыры әзірге белгісіз болып отыр. Сол сияқты қазақ тілінде шығатын кітаптардың 1927–1928 жылдардағы тақырыптық жоспарына енген, көлемі 15 баспа табақ «Қазақ шежіресі» атты еңбегі де жоғалған. Ғалымның 1924 жылы «Сана» журналында жарық көрген «Мырза Едіге батыр» атты зерттеуі өзінің ғылыми тұжырымдарының дәлдігімен назар аударды [4; 167].

Тарихи мамандықты арнайы білімі болмаса да, жүрегі сүйіп таңдаған Мұхамеджан Тынышбаев қаламынан туған жоғарыда аталған еңбектердің көпшілігі қазіргі кезде де ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ.

М.Тынышбаевтың сталиндік репрессияның қанды пышағына ілігуі

1927–1930 жылдары ұлт басына төнген қауіпті жан-тәнімен сезінген Алаш көсемдері халықты төніп келе жатқан ашаршылық пен ұлттық ыдыраудан құтқарудың жолдарын барынша жанталаса қарастырды. Мұны қас қақпай бақылап отырған Кеңес орындары дереу «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу» туралы қылмыстық іс қозғады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, Е.Омаров, М.Есполов, Х.Болғанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев басқан бірінші топтағы 41 адамның тергеу ісі 1927–1930 жылдары арасында жүргізіліп, үкім шығарылған соң, Мұхамеджан Тынышбаев бастаған «ұлы құрбандықтың» екінші легі, 30 адам, түрменің торына түсті.

Осы тергеу ісіндегі басты нысаналы тұлға болып қарауылға алынған М.Тынышбаев туралы Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары А.Тілеулиевтің 1972 жылы 18 ақпандағы Партия институтының директоры С.Б.Бейсембаевқа жолдаған құпия хатында: «Тынышбаев Мұхамеджан... қазақ, партияда жоқ, мамандығы инженер. Қазақстандағы бұрынғы ОГПУ мекемесі оны «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, Мемлекеттік думаның мүшесі, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, Уақытша үкіметтің комиссары ретінде 1930 жылы 3 тамызда тұтқынға алған. 1932 жылы 20 көкекте сотталған» [16], — деп көрсеткен.

М.Тынышбаевтың «Таңдамалы» жинағындағы алғы сөзінде зерттеуші Гүлбану Жүгенбаева Алаш көсемінің тағдыры туралы: «М.Тынышбаев алдымен Воронеж қаласына жер аударылды. Мұнда ол зайыбы Әмина Ибрагимқызы Шейх-Әли және кенже ұлы Дәулетпен келіп, Москва–

Донбасс темір жолы құрылысында жұмыс істеді. Жер аударылу мерзімі 1935 жылдың жазында аяқталған соң, М.Тынышбаев қуғын-сүргіннің мұнымен тоқтамайтынын жақсы түсініп, зайыбы мен баласын Уфа қаласындағы Әмина Ибрагимқызының туыстарына жібереді. Өзі Батыс Қазақстанның территориясы арқылы Ташкентке, үлкен қызы Фатанад-Бануге келеді. Ташкентте көп аялдамай, Қандыағаш–Гурьев темір жолы құрылысына жұмысқа орналасады. Бірақ денсаулығының нашарлауына байланысты ұзамай Ташкентке қайтып оралады. Сонда оны 1937 жылы 21 сәуір күні Өзбек ССР-і Ішкі істер халық комиссариаты тұтқынға алды» [17], — деген мағлұмат берген.

Сонымен, әмбебап ғалым, халқымыздың біртуар перзенті өзінің басқа тағдырластарымен бірге 1937–1938 жылдары жүзеге асырылған «үлкен террордың» құрбаны болып кете барды. Ол 1938 жылы Ташкент түрмесінде атылды.

Түйін

Қатыгез қоғам жазықсыз көзін жойған азамат кейін екі рет — 1959 жылы және 1970 жылы ақталды. Амал нешік, өз арамыздан шыққан әсіреқырағы саясатшыларымыз М.Тынышбаев «саяси ақталған» жоқ деп, оның аяулы есімі мен айтулы еңбегін туған халқымен қайта табыстыруға жол бермеді [4; 167].

Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана оның асыл есімі мен ғылыми мұрасы қайтадан халқымен қауышты. Оның есімімен бұл күндері Алматы қаласы мен туған жерінде көшелер, ірі оқу орны аталады. Ол туралы ғылыми-зерттеу еңбектер, көркем шығармалар жазылуда.

Қорыта айтарымыз — туған халқының болашағы үшін соңғы демі біткенше аянбай еңбек етіп, артына үлгі боларлық тамаша іс, кәделі ғылыми еңбектер қалдырған Мұхамеджан Тынышбаев — халқымыздың тарихында өзіне лайық орны бар ірі тұлғалардың бірі.

References

- 1 *Kultamuly A., Tahauly T.B.* Muhamedzhan Tynyshbayuly // *Ana tili*. — 1992. — № 14 (107). — April, 9. — P. 4,5.
- 2 *Rysbay K.* Istoriya of the Republic Kazakhsta. — *Almaty: Publishing house of the accelerated release of literature, 2005.* — P. 151.
- 3 *Eskendiruly (Abdeshev) M.* Ministers «Alash Ordyn». — *Almaty: Fund. Altynbek Sarsenbayuly, 2008.* — P. 42, 43.
- 4 *Baygaliyev B.* Mukhamedzhan Tynyshbayev // *Zhuldyz*. — 1991. — № 6.
- 5 *National encyclopedia of Kazakhstan.* — Vol. 8. / Editor-in-chief B.Ayagan. — *Almaty: Main edition «Encyclopedia of Kazakhstan», 2006.* — 704 p.
- 6 *Tynyshbayev M.* Kazakhs and liberation movement // *Zhuldyz*. — 2003. — № 4. — P. 203.
- 7 *Caen Century, Shayakhmetov N.U.* History of Kazakhstan: Textbook. — *Almaty: Almatykitap, 2007.* — P. 158, 159.
- 8 *Nurpeis K.* Figures Alash from Semirechya // *The Cossack tarihy*. — 2006. — № 2. — P. 61.
- 9 *Zhurtbay T.* «То auls (villages) of Kazakhs civil war ...» // *Akikat is declared*. — 2010. — № 12. — P. 82, 83.
- 10 *Osadchy F.* The first Kazakh engineer in the field of the railways // *Orken*. — 1989. — August, 12. — P. 3.
- 11 *Zhurtbay T.* A war-call — Alash!: Book the second // *Zhuldyz*. — 2011. — № 5. — P. 170.
- 12 *Historic figures. Popular scientific series / Originators B.Togysbayev, A.Suzhikova.* — *Almaty: Almatykitap, 2006.* — P. 64.
- 13 *Tynyshbayev M.* Materials to history the Kirghiz — *Kazakh People / M.Tynyshbayev. Great disasters... (Aktaban-Shubrynda).* — *Alma-Ata: Zhalyn, 1991.* — P. 5–81.
- 14 *Tynyshbayev M.* The Cossack Kirghiz in XVII and XVIII centuries (Addition to «Materials to history of the Kirghiz-kazaksky people») / *M.Tynyshbayev. Great disasters... (Aktaban-Shubrynda).* — *Alma-Ata: Zhalyn, 1991.* — P. 83–96.
- 15 *Tynyshbayev M.* Aktaban-Shubrynda (Great disasters and great victories of Cossacks) / *M.Tynyshbayev. Great disasters... (Aktaban-Shubrynda).* — *Alma-Ata: Zhalyn, 1991.* — P. 137–149.
- 16 *Zhurtbay T.* Question about the earth and policy of punishment // *Turkestan*. — 2010. — August, 19. — P. 4.
- 17 *Zhurtbay T.* A war-call — Alash!: Book vory // *Zhuldyz*. — 2011. — № 7. — P. 142.

Р.С.Каренов

Короткая и яркая жизнь Мухамеджана Тынышбаева

Описана жизнь и деятельность виднейшего представителя казахской интеллигенции, первого премьер-министра Кокандской автономии, исследователя-историка Мухамеджана Тынышбаева. Отражен его вклад в области строительства и эксплуатации железных дорог, в возведение Турксиба, техническое обустройство первых столиц Казахстана, проведение жизненно важных коммуникаций для функционирования крупных городов республики. Особое внимание уделено его произведениям, в которых обстоятельно исследованы актуальные вопросы истории, этнографии, литературы, культуры казахского народа.

R.S.Karenov

Mukhamedzhan Tynyshbayev's short and bright life

Life and activity of the most prominent representative of the Kazakh intellectuals, the first Prime minister of the Kokandsky autonomy, researcher-historian Mukhamedzhan Tynyshbayev are described. Its contribution, as large expert in the field of construction and operation of the railways, in Turksib construction, technical arrangement of the first capitals of Kazakhstan, carrying out the vital communications for functioning of the large cities of the republic is reflected. The special attention is given to its works in which topical issues of history, ethnographies, literatures, cultures of the Kazakh people are in details investigated.